

"Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 28 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Әуликөл ауданы әкімінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

Әуликөл ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "1" ақпан

№ 28 қаулысымен

бекітілген

"Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі) Әуликөл ауданы аумағында мәдениет және мемлекеттік тілді дамыту

саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ведомстволары бар:

1) "Әуликөл ауданының әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" мемлекеттік мекемесі;

3) "Әуликөл ауданы әкімдігінің аудандық тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекеме ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110400, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Сянов көшесі, 53.

10. Осы Ереже "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) аудан аумағында "Мәдениет туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдарға сәйкес мәдениет және тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

мәдениет саласында сапалы қызмет көрсетуге бағытталған мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру, аудан тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру және ақпараттық қамтамасыз ету, тілдерді дамыту үшін жағдай жасау, азаматтардың әлеуметтік оптимизмін және ақпараттандырылуын, заманауи мәдени ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

2) ауданда мәдениет пен тілдерді дамытудың негізгі бағыттарын, мәдениет, тілдер және тарихи-мәдени мұраны қорғау саласындағы аудандық бағдарламаларды болжау, әзірлеу және іске асыру;

3) мәдениет мекемелері мен кәсіпорындарын ұстау үшін бюджетті құрастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу, қарамағындағы мәдениет мекемелері мен кәсіпорындарына бөлінетін бюджеттік қаражат сомасын анықтау, бөлінген қаражаттың нысаналы пайдалануына бақылау жасау;

4) мәдениет, ақпараттық қамсыздандыру және аудан тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыруда сапалы қызмет көрсету;

5) тарихи және мәдени құндылықтарды қорғау және олардың дамуында сабақтастықты қамтамасыз ету;

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құқықтары мен мүдделерін, соның ішінде соттарда білдіру;

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктеме беру;

мәдениет мәселелері бойынша Мемлекеттік басқару органдарымен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттер:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

2) азаматтардың бостандық құқықтарын іске асыруына жәрдемдесу және шығармашылық, мәдени қызмет, рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру;

3) кітапхана ісінің дамуына ықпал ету, халықтың түрлі топтарының мәдени-демалыс қызметінің әртүрлілігін қамтамасыз ету;

4) дарынды тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету және кәсіби өнерді сақтау, жетілдіру үшін жағдай жасау;

5) халық шығармашылығын, көркем кәсіпшілік пен қолөнерді, фольклорды, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді және мерекелерді жаңғырту, сақтау және жетілдіру үшін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуге және жағдай жасауға жәрдемдесу;

6) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында бақылауды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге ықпал ету, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды мемлекеттік тілде іс жүргізу бөлігінде іске асыруға, халықтың әртүрлі жастағы топтарына мемлекеттік тілді оқытуды ұйымдастыруға көмек көрсету;

8) мәдениет және тілдерді дамыту саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және іске асыру;

9) білім беру мекемелерімен, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен, ұйымдармен аудармашылар мамандарын, мемлекеттік тілде іс жүргізу мамандарын, қазақ тілі мамандарын іріктеу, даярлау және бекіту, тіл саясатын орындау мәселелерінде, мемлекеттік тілді насихаттау мен дамытуға бағытталған мәдени-бұқаралық іс-шараларды дайындау мен өткізуде өзара іс-қимыл жасау;

10) ауданның мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар жүргізеді;

11) Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдары мен құжаттарды дайындауды жүзеге асыру;

12) Әуликөл ауданы әкімдігінің нормативтік құқықтық және нормативтік емес актілерінің жобаларын дайындайды;

13) Азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

14) ауылда, кентте маңдайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 729-бабы 2-1) тармақшасына және 75-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдануды жүзеге асырады;

16) ауданның мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды өткізеді;

17) бюджет қаражатының көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерін қаржыландыруға арналған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

18) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерінде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

19) мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда орындалуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 07.02.2024 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2025 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.08.2025 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 17.10.2025 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2025 № 215 (вводится в действие с 22.01.2026) қаулыларымен.

3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне басшылықты "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының өкілеттігі:

1) "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

3) Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

5) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мүддесін білдіреді;

6) жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін жауапты болады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Әуликөл ауданы әкімінің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. "Әуликөл ауданының әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
2. Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" мемлекеттік мекемесі;
3. "Әуликөл ауданы әкімдігінің аудандық тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.